

Инвестициялау мақсаты

Зейнетақы активтерінің сақталуын және ықтималдығы жоғары дәрежеде зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейінде ұзақ мерзімді келешекте нақты табыс алуды қамтамасыз ету

Портфель параметрлері

Негізгі валюта: **Қазақстан теңгесі**


Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфель құны – **18 490 880 040 мың теңге**

ИПБ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметі 01.04.2021ж. бастап қарастырылды

Halyk Finance зейнетақы активтері бойынша ИПБ инвестициялық қызметін 15.12.2022ж. бастады

Сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы активтері:

	ЗА Активтері, млрд теңге, 01.03.24ж.	Инвестициялық табыс, млрд теңге 01.01.24ж.-дан бастап	ЗА кірістілігі, % 01.01.24ж.-дан бастап
BCC Invest	3,99	0,04	0,96%
Halyk Global Markets	3,65	0,05	1,41%
Jusan Invest	7,51	0,14	1,88%
Сентрас Секьюритиз	1,12	0,03	2,99%
Halyk Finance	25,61	0,32	1,47%
ҚР Ұлттық Банкі	18 449,01	351,12	1,91%


«БЖЗК» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне шолу¹
Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %

Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюта бағамының және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 01.01.2024 жылдан бастап 29.02.2024 жылға дейінгі кезеңге есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **351,69 млрд теңгені** құрады, оның ішінде:

Атауы	2024 жылдың басынан түскен инвестициялық кіріс млрд. теңге
Бағалы қағаздар бойынша (оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары) сыйақы түріндегі және нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер	275,73
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	-26,41
Сыртқы басқарудан түскен кірістер (шығындар)	103,05
Басқа кірістер (шығындар)	-0,68
Жиынтығы:	351,69


Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %

- Ақша, Шоттардағы қаражат, РЕПО және басқа активтер
- Сыртқы басқарудағы активтер
- Депозиттер (ҚР ҰБ, ЕДБ және шет ел бантері)
- ҚР және шет ел эмитенттерінің акциялары (ГДК, ETF пайлары)
- ҚР және шет ел эмитенттерінің корп. облигациялары (квазимем. сектор, ЕДБ, PPN)
- МБҚ (ҚР МБҚ, ҚР ҰБ ноталары, Шет мемл. МБҚ, ХҚҰ)





¹ Материалдар «BCC Invest» АҚ (14.03.24 жылғы шығыс №02-12/24 хат), «Halyk Global Markets» АҚ (07.03.2024 жылғы шығыс №070324 хат), «Jusan Invest» АҚ (18.03.2024 жылғы шығыс №12/203 хат), «Сентрас Секьюритиз» АҚ (18.03.2024 жылғы шығыс №10/190 хат), «Halyk Finance» АҚ (07.03.2024 жылғы шығыс №09-2/300 хат), ҚРҰБ (20.03.2024 жылғы шығыс №05-4-02/232 хат)

Сенімгерлік басқарудағы компаниялардың бағалы қағаздарды есепке алу санаты бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %





БЖЗҚ инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің 28,91%-ын амортизацияланған құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар құрайды. Әділ құны бойынша бағаланатын есепке алу санатындағы бағалы қағаздардың үлес салмағы зейнетақы активтерінің 65,9% - ын құрады. Ақша қаражаты, РЕПО операциялары, Депозиттер және өзгелері қалған бөлікті - 5,18% құрайды.

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша валюталар бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



БЖЗҚ Инвестициялық декларациясында белгіленген ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің валюталық портфелін нысаналы бөлуге сәйкес 01.03.2024 ж. жағдай бойынша индекстік инвестициялау шеңберінде шетелдік басқарушы компаниялардың сыртқы басқаруындағы активтер 2 648,6 млрд теңгені (инвестициялық портфельдің 14,32%) құрайды.


Сенімгерлік басқарудағы компаниялардың кредиттік сапа бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



Халықаралық шәкіл бойынша «AAA»-дан «BBB-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің **91,1%**-ын құрайды. Халықаралық шәкіл бойынша «BB+»-дан «B-» дейінгі және ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» рейтингісі бар қаржы құралдары **5,25%**-ды құрайды. Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдарының үлесі - **3,65%**.

² Сыртқы басқарудағы активтер, шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және пай қорларын қоспағанда

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша экономика секторы бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



* сыртқы басқарудағы активтер, дебиторлық берешек және ақша нарығының құралдары есепке алынбады

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша елдер бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %

